

**Кафедра «Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық»**

**Пәннің жұмыс бағдарламасы (Силлабус)**

**Білім беру бағдарламасы «Қоғамдық денсаулық сақтау»**

<b>1. Пән туралы жалпы мағлұмат</b>			
1.1	Пән коды:MMN3201	1.6	Оқу жылы: 2021-2022
1.2	Пәннің атауы: Менеджмент және маркетинг негіздері	1.7	Курс: 3
1.3	Реквизитке дейінгі: мамандыққа кіріспе, қоғамдық денсаулық сақтау негіздері.	1.8	Семестр: v
1.4	Реквизиттен кейінгі: қоғамдық денсаулық сақтау, денсаулық сақтаудағы HR-менеджмент.	1.9	Кредиттер саны: (ECTS): 4
1.5	Цикл: БП	1.10	Компонент: ТК
<b>2. Пәннің сипаттамасы (максималды 150 сөз)</b>			
<p>Қазіргі жағдайда денсаулық сақтау саласындағы табысты қызмет атқару көбінесе менеджмент тәсілдерін пайдаланып, оңтайлы маркетингтік шешімдер қабылдауға байланысты болып келеді. Әлемдік тәжірибе мен әлемдік қауымдастық бірте-бірте басқару теориясын тереңдете зерттеуге бет бұрып келеді. Қазақстанда соңғы онжылдық аясында менеджмент және маркетинг мәселесі едәуір маңызға ие болып, жалпы ұлттық мәселеге айналды.</p> <p>"Менеджмент" ұғымы заманауи отандық экономикалық лексиконында, өз мәні бойынша "басқару" ұғымының аналогы бола отырып берік қалыптасты. Ол нарықтық жағдайда кәсіпорындарда жүзеге асырылатын әртүрлі әлеуметтік-экономикалық үрдістерге қатысты кеңінен қолданылады.Әлемдік тәжірибеде де, ҚР-да Жалпы (бас) менеджментпен қатар ұйымдар мен кәсіпорындар қызметінің жекелеген функционалдық салаларына бағытталған менеджменттің арнайы нысандары кеңінен таралған: инновациялық менеджмент, қаржылық менеджмент, персонал менеджменті және т. б.</p> <p>"Менеджмент" сөзі француз сөзінен "manage" (жолаушылар мен жүктерді тасымалдау) және итальян сөзінен "maneggio" (циркте өнер көрсету үшін жылқыларды үйрету бойынша жаттығу) шыққан.</p>			
<b>3. Жиынтық бағалау түрі</b>			
3.1	Тестілеу+	3.5	Курстық
3.2	Жазбаша	3.6	Эссе
3.3	Ауызша	3.7	Жоба
3.4	ОҚКЕ/ ОҚТЕ немесе тәжірибелік дағдыларды қабылдау	3.8	Басқа (көрсету)
<b>4. Пәннің мақсаттары</b>			
<p>Студенттердің денсаулық сақтаудағы нарықтық экономика жағдайында болашақ кәсіби қызметті тиімді басқару үшін қажетті денсаулық сақтаудағы маркетинг пен менеджмент жайында білім, біліктілік, дағдылар кешенін қалыптастыру.</p>			
<b>5. Оқытудың соңғы нәтижелері (пәннің ОН)</b>			
ОН1.	Менеджмент пен маркетингтің негізгі терминдері мен ұғымдарын біледі;		
ОН 2.	Басқару әдістерін, принциптерін, функцияларын біледі;		
ОН 3	Басқару шешімдерін қабылдауға әсер ететін факторлар мен мәселелерді тиімді шешудің негізгі кезеңдерін біледі;		
ОН 4.	Денсаулық сақтау нарығын және оның негізгі сегменттерін анықтауды, нарықты сегменттеу қағидаларын біледі;		



ОН 5	Маркетингтік қызметтердің негізгі кезеңдерін түсіндіру мен тәжірибеде қолдануға қабілетті;					
5.1						
	ОН 1	Тұрғындардың санитарлық-эпидемиологиялық қолайлылығын және қоғамдық денсаулықты қорғау бойынша шараларды жүзеге асыру әдістерін білуді көрсете алады;				
	ОН 3	Қазіргі заманғы денсаулық сақтау жүйесін ақпараттандыру шеңберінде медициналық статистика көрсеткіштерін есептеу, бағалау және талдау үшін халық денсаулығының қауіп факторларын айқындайды.				
<b>6.</b>	<b>Пән туралы толық ақпарат</b>					
6.1	Өткізу орны (мекеме, аудитория): Аль-Фараби, 3, оқу корпусы №2 АО ОҚМА, 5-этаж, ауд. 511-519 а. Телефон: 408222 (ішкі. 121). <a href="http://www.ukma.kz">www.ukma.kz</a>					
6.2	Сағат саны	Дәріс	Тәжіриб. сабақ	Зерт. сабақ.	СӨЖ	СОӨЖ
		10	30	-	56	24
<b>7.</b>	<b>Оқытушылар туралы мәлімет</b>					
№	Аты-жөні	Лауазымы мен дәрежесі	Электрондық адресі	Ғылыми қызығушылық	Ғылыми жетістіктері	
1.	Серікбай Салтанат Смайылқызы	Магистр, аға оқытушы	saltanatserikbai@mail.ru	Ауыл тұрғындарының денсаулығын қорғаудың ғылыми негіздері (Ордабасы ауданы мысалы ретінде)	8 мақала шығарды.	
2.	Несіпбаева Замзагүл Жолдасбекқызы	магистр, аға оқытушы	Zamza_83n@mail.ru	Денсаулық сақтаудың өзекті мәселелері.	5 мақала шығарды.	
3.	Мугалбекова Жанар Есенбековна	аға оқытушы	muqalbekoba82@mail.ru	Денсаулық сақтаудың өзекті мәселелері.	3 мақала шығарды.	
4.	Отызбаева Нұржамал Әлімханқызы	магистр, оқытушы	nur_nur9191@mail.ru	Денсаулық сақтаудың өзекті мәселелері.	5 мақала шығарды	
<b>8.</b>	<b>Тақырыптық жоспар</b>					
Апта/ күн	Тақырып атауы	Пәннің қысқаша мазмұны	Пәннің ОН	Сағат саны	Оқыту технологиясының формасы / әдістері	Бағалау әдістері/ формалары
1	2	3	4	5	6	7



1/1	<b>Дәріс.</b> Менеджментке кіріспе. Менеджмент ғылым ретінде.	Менеджмент анықтамасы, даму тарихы. Әлемдік тәжірибе.	ОН 1	1	Шолулық	Кері байланыс сұрақтары
	<b>Тәжірибелік сабақ.</b> Менеджмент, оның мәні мен категориялары.	Менеджмент мазмұны. Менеджменттің мақсаттары мен міндеттері. Менеджмент қағидалары.	ОН 1	2	Оқу кейстері	Чек парағын қолдана отырып, бағалау сұхбаты
	<b>СОӨЖ\СӨЖ</b> Менеджментті қалыптастырудың тарихи алғышарттары және оның алғашқы мектептері.	Ғылыми менеджмент мектебі. Классикалық (әкімшілік) басқару мектебі. Адами қатынастар мектебі (неоклассикалық мектеп).	ОН1	2/3	Презентация Реферат Интеллект. карта	
2/2	<b>Дәріс.</b> Денсаулық сақтау жүйесіндегі менеджмент.	Қазіргі денсаулық сақтау жүйесіндегі менеджменттің негізгі түсініктері.	ОН 1	1	Шолулық	Кері байланыс сұрақтары
	<b>Тәжірибелік сабақ.</b> Денсаулық сақтаудағы менеджменттің негізгі функциялары.	Менеджменттегі жоспарлау, SWOT талдау және болжау.	ОН 1	2	Оқу кейстері	Чек парағын қолдана отырып, бағалау сұхбаты
	<b>СОӨЖ\СӨЖ</b> Басқару деңгейлері. Денсаулық сақтаудың жаңа менеджерлері. Ұғымдар: менеджмент, менеджер, әкімші, кәсіпкер.	Менеджерлер кімдер және олар не істейді? Менеджерлердің пайдалылығын барынша арттыру. Менеджерлердің қызметін бағалау.	ОН 1	2/3	Презентация Реферат Интеллект. карта	
3/3	<b>Тәжірибелік сабақ.</b> Басқару түрлері. Басқару	Басқару функцияларының жалпы сипаттамасы. Жоспарлау басқару	ОН 2	2	Оқу кейстері	Чек парағын қолдана отырып, бағалау



	функциялары.	функциясы ретінде. Жоспарлаудың жалпы сипаттамалары.				сұхбаты
4/4	<b>СОӨЖ\СӨЖ</b> Ұйым басқару функциясы ретінде.	Ұйымның анықтамасы. Ресми және бейресми ұйымдар.	ОН 2	1/3	Презентация Реферат Интеллект. карта	
	<b>Дәріс.</b> Менеджментке қойылатын заманауи тәсілдер.	Мінез-құлық ғылымдары мектебі. Басқару ғылымы. Әмбебаптылық және жаһандану.	ОН 1	1	Шолулық	Кері байланыс сұрақтары
	<b>Тәжірибелік сабақ.</b> Шаруашылық жүргізуші субъектілердің түрлері және олардың жалпы сипаттамалары. Басқарудың ұйымдастырушыл ық құрылымдары.	Басқарудың иерархиялық ұйымдық құрылымдары. Адаптивті ұйымдастырушылық басқару құрылымдары.	ОН 2	2	Оқу кейстері	Чек парағын қолдана отырып, бағалау сұхбаты
5/5	<b>СОӨЖ\СӨЖ</b> Шешім қабылдау мәселесі бойынша негізгі ұғымдар. Шешімдердің сапасы. Шешім қабылдау процесінде кемшіліктер.	Басқарушылық шешімдер қабылдау процесінің кезеңдері (М.Мескон және Ф. Хедоури). Басқарушылық шешімдер қабылдау мәселелері.	ОН 3	2/3	Презентация Реферат Интеллект. карта	
	<b>Дәріс.</b> Мотивация басқару функциясы ретінде. Бақылау басқарудың функциясы ретінде.	Мотивацияның тарихи аспектілері. Мотивацияның мазмұнды теориялары. Мотивацияның процедуралық теориялары. Материалдық және материалдық емес мотивация. Бақылаудың мәні мен әдістері. Бақылау кезеңдері.	ОН 2	1	Шолулық	Кері байланыс сұрақтары



6/6	<b>Тәжірибелік сабақ.</b> Басқарудағы көшбасшылық және билік. Ықпал ету және билік формалары.	Көшбасшылық. Көшбасшылықтың негізгі түсініктері мен теориялары. Көшбасшылыққа заманауи көзқарас. Билік түрлері.	ОН 2	2	Оқу кейстері	Чек парағын қолдана отырып, бағалау сұхбаты
	<b>СОӨЖ\СӨЖ</b> Жанжалды жағдайды басқару. Жанжалдарды басқарудағы менеджердің рөлі мен қатысуы.	Жанжалды анықтау. Жанжалдың себептері. Жанжалдың даму кезеңдері және оның салдары.	ОН 2	2/4	Презентация Реферат Интеллект.карта	
	<b>Тәжірибелік сабақ.</b> Денсаулық сақтаудағы маркетингтік орта, олардың сипаттамасы	Маркетингтің негізгі түсініктері. Маркетинг түрлері. Маркетингтің функциялары мен жіктелуі.	ОН 5	2	Оқу кейстері	Чек парағын қолдана отырып, бағалау сұхбаты
7/7	<b>СОӨЖ\СӨЖ</b> Медициналық қызмет маркетинг объектісі ретінде. Денсаулық сақтаудағы маркетингтің рөлі.	Медицинадағы маркетингтің ерекшеліктері. Медициналық ұйымның Маркетинг-менеджменті.	ОН 5	1/4	Презентация Реферат Интеллект.карта	
	<b>Дәріс.</b> Медициналық қызмет барысындағы басқарушылық шешімдер.	Басқарушылық шешім қабылдау себептері. Басқару шешімдерінің типологиясы. Басқарушылық шешімдерді қабылдау тәсілдері.	ОН 3	1	Мәселелік	Кері байланыс сұрақтары
	<b>Тәжірибелік сабақ.</b> Маркетингтік зерттеулер: міндеттері, жіктелуі.	Маркетингтік зерттеу процесінің мазмұны. Бастапқы маркетингтік зерттеу әдістері. Қайталама маркетингтік зерттеу әдістері.	ОН 5	2	Оқу кейстері	Чек парағын қолдана отырып, бағалау сұхбаты
	<b>СОӨЖ\СӨЖ</b> Медициналыққыз	Медициналық қызметтердің	ОН 5	2/4	Презентация Реферат	



8/8	меттернарығынта лдау. Маркетинг кешенінің ерекшел іктері. <b>Аралық бақылау-1 / тестілеу</b>	құрылымы. Нарық түрін анықтау. Нарықты сегментациялау.			Интеллект. карта	
	<b>Дәріс.</b> Маркетингтің мәні мен түсінігі. Маркетингтің негізгі концепциялары.	Денсаулық сақтау жүйесіндегі Маркетинг: мәні мен ерекшеліктері.	ОН 5	1	Шолулық	Кері байланыс сұрақтары
	<b>Тәжірибелік сабақ.</b> Тауарларды бөлуді басқару. Таралуы: түсінігі, арналары, түрлері.	Тауар саясатын қалыптастыру. Өнімнің өмірлік циклі және оның өмір сүру кезеңдері.	ОН 2	2	Оқу кейстері	Чек парағын қолдана отырып, бағалау сұхбаты
9/9	<b>СОӨЖ\СӨЖ</b> Денсаулық сақтау дағы Инновациялық менеджмент.	Инновациялық қызметті басқару. Стратегиялық менеджменттің бағыты. Инновацияны жоспарлау.	ОН 1	2/4	Презентация Реферат Интеллект.кар та	
	<b>Тәжірибелік сабақ.</b> Денсаулық сақтау саласындағы менеджментте шешім қабылдаудың ерекшелігі.	Менеджмент сапасын жақсарту. Денсаулық сақтаудағы менеджментті дамыту және жетілдіру.	ОН 3	2	Оқу кейстері	Чек парағын қолдана отырып, бағалау сұхбаты
	<b>СОӨЖ\СӨЖ</b> Covid-19 пандемиясы кезінде медициналық мекемелердегі ұйымдастырушы лық іс-шаралар.	Covid-19 берілу механизмдері мен жолдарына бағытталған алдын- алу шаралары. Пандемия кезіндегі инфекциялық қауіпсіздік шаралары.	ОН 3	1/4	Презентация Реферат Интеллект. карта	
10/10	<b>Дәріс.</b> Денсаулық сақтау саласындағы	Медициналық маркетингтің құрылымы.	ОН 3	1	Шолулық	Кері байланыс сұрақтары



	маркетингті басқару.	Денсаулық сақтау маркетингінің субъектілері.				
	<b>Тәжірибелік сабақ.</b> Ұйымның сыртқы және ішкі ортасы және басқару әдістері.	Әлеуметтік факторлар. Табиғи факторлар. Саяси жағдай. Экономикалық жағдай.	ОН 2	2	Оқу кейстері	Чек парағын қолдана отырып, бағалау сұхбаты
	<b>СОӨЖ\СӨЖ</b> Сапаны басқару. Тәуекелді басқару	Сапаны басқарудың жалпы сәттері . Медициналық көмектің сапасын басқару. Тәуекел-менеджмент технологиясы.	ОН 2	2/4	Презентация Реферат Интеллект. карта	
11/11	<b>Дәріс.</b> Медициналық ұйымның маркетинг кешенін әзірлеу.	Маркетинг кешені. Тауар саясатын әзірлеу. Баға саясатын қалыптастыру. Баға маркетингі саясаты.	ОН 5	1	Шолулық	Кері байланыс сұрақтары
	<b>Тәжірибелік сабақ.</b> Ұйымның персоналды басқару.	Қызметкерлерді жіктеу. Персоналды басқару қызметі. Ұйым мен персонал мақсаттарының өзара әсері.	ОН 2	2	Оқу кейстері	Чек парағын қолдана отырып, бағалау сұхбаты
	<b>СОӨЖ\СӨЖ</b> Персоналды басқару кезеңдері.	Еңбек ресурстарын жоспарлау. Қызметкерлерді таңдау және іріктеу.	ОН 2	2/4	Презентация Реферат Интеллект. карта	
12/12	<b>Тәжірибелік сабақ.</b> Байланыс және байланыс процесі.	Коммуникациялар мәні. Байланыс процесінің элементтері мен кезеңдері. Денсаулық сақтау саласындағы басқарудың төменгі деңгейіндегі басшының жұмысы үшін тиімді коммуникацияның маңызы.	ОН 2	2	Оқу кейстері	Чек парағын қолдана отырып, бағалау сұхбаты



13/13	<b>СОӨЖ\СӨЖ</b> Менеджмент принциптері. Г. Эмерсон және А.Файоля.	А. Файолдың 14 басқару принциптері. Эмерсонның өнімділік принциптері.	ОН 1	1/4	Презентация Реферат Интеллект. карта	
	<b>Дәріс.</b> Денсаулық сақтау жүйесіндегі менеджментті және корпоративтік басқаруды дамыту.	Денсаулық сақтаудың кәсіби менеджерлері институтын дамыту. Корпоративтік басқаруды одан әрі дамыту үшін нормативтік-құқықтық, әдіснамалық негізді жетілдіру. Денсаулық сақтаудың кәсіби менеджерлерін халықаралық стандарттарға сәйкестендіру.	ОН 1	1	Шолулық	Кері байланыс сұрақтары
	<b>Тәжірибелік сабақ.</b> Жанжалдарды, өзгерістерді және стрессті басқару. Жанжал жағдайын талдау және жанжалды шешу.	Жанжалдың даму кезеңдері. Жанжалды дамыту техникасы. Жанжалдарды, өзгерістерді және стрессті басқару. Жанжалды шешуге қажетті арнайы дағдылар.	ОН 3	2	Оқу кейстері	Чек парағын қолдана отырып, бағалау сұхбаты
	<b>СОӨЖ\СӨЖ</b> Сендіру және моральдық ынталандыру (ынталандыру). Маслоу қажеттіліктерінің иерархиясы.	А. Маслоудың қажеттіліктерінің классикалық пирамидасы. Қажеттіліктердің иерархиясы туралы түсінік.	ОН 2	2/4	Презентация Реферат Интеллект. карта	
14/14	<b>Дәріс.</b> Нарықтық экономика жүйесіндегі Менеджмент.	Нарық қажеттілігі мен сұранысқа бағытталу. Өндірістің тиімділігін арттыруға ұмтылу. Шаруашылық	ОН 4	1	Мәселелік	Кері байланыс сұрақтары





		дербестігі. Ұйымның экономикалық дербестігі.				
	<b>Тәжірибелік сабақ.</b> Батыстың дамыған елдеріндегі персоналды басқарудың әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері (салыстырмалы Кадрлық менеджмент тәжірибесі).	Батыс ұйымдарындағы кандидаттарды психологиялық бағалау. Батыс Еуропа мен АҚШ-тағы қызметкерлерді ынталандыру жүйелері. Дамыған батыс елдерінің кәсіпорындағы корпоративтік мәдениет және корпоративтік этика, ұйымдардағы көшбасшы-көшбасшының психологиялық портреті.	ОН 2	2	Оқу кейстері	Чек парағын қолдана отырып, бағалау сұхбаты
	<b>СӨЖ\СӨЖ</b> Ұйымды басқарудың шетелдік тәжірибесі.	Персоналды басқарудың шетелдік тәжірибесі (американдық, жапондық тәжірибе).	ОН 2	1/4	Презентация Реферат Интеллект. карта	
15/15	<b>Тәжірибелік сабақ.</b> Ұйымдастырушылық өзгерістер.	Ұйымдастырушылық өзгерістердің табиғаты. Өзгерістерді басқару. Өзгерістерді жүзеге асыру үшін қызметкерлерді басқаруға қатысу.	ОН 2	2	Оқу кейстері	Чек парағын қолдана отырып, бағалау сұхбаты
	<b>СӨЖ\СӨЖ</b> Басшылардың бағыныштыларға әсер ету формалары. Көшбасшының беделі: анықтамасы, оның компоненттері. <b>Аралықбақылау-2 / тестілеу</b>	Билік әртүрлі формаларды қабылдай алады. Оның үш негізгі формасы бар: утилитарлық, авторитарлық-нормативтік және біріктірілген.	ОН 3	1/4	Презентация Реферат Интеллект. карта	



<b>9. Оқыту және сабақ беру әдістері</b>			
9.1	Дәріс	Шолулық, мәселелік	
9.2	Тәжірибелік сабақ	Оқу кейстері	
9.3	СӨЖ/СОӨЖ	Презентация. Реферат. Интеллектуальды карта	
9.4	Аралық бақылау	Тестілеу	
<b>10. Бағалау критерийлері</b>			
Әріптік жүйемен бағалау	Баллдардың сандық эквиваленті	Пайыздық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A -	3,67	90-94	
B +	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B -	2,67	75-79	
C +	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C -	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	
<b>11. Оқу ресурстары</b>			
Электрондық ресурстар		Репозиторий ОКМА <a href="http://lib.ukma.kz/repository/">http://lib.ukma.kz/repository/</a> Республиканская Межвузовская электронная библиотека <a href="http://rmebrk.kz/">http://rmebrk.kz/</a> Цифровая библиотека «Акпипресс» <a href="https://aknurpress.kz/login">https://aknurpress.kz/login</a> База нормативно-правовых актов» Закон " <a href="https://zan.kz/ru">https://zan.kz/ru</a> Информационная система "Параграф Медицина" <a href="https://online.zakon.kz/Medicine/">https://online.zakon.kz/Medicine/</a>	
Электрондық оқулықтар		1. Лисицын, Ю. П. Общественное здоровье и здравоохранение [Электронный ресурс] : учебник / Ю. П. Лисицын, Г. Э. Улумбекова. - 3-е изд., перераб. и доп. - Электрон.текстовые дан. ( 43,1Мб). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2017. - эл. опт. 2. Медик, В. А. Общественное здоровье и здравоохранение [Электронный ресурс] : учебник / В. А. Медик, В. К. Юрьев. - Электрон.текстовые дан. ( 47,6 Мб). -	



- М. : ГЭОТАР - Медиа, 2013. - 608 с. эл.
3. Лисицын, Ю. П. Общественное здоровье и здравоохранение [Электронный ресурс] : учебник / Ю. П. Лисицын, Г. Э. Улумбекова . - 3-е изд., перераб. и доп. - Электрон.текстовые дан. ( 40,9 Мб). - М. : Изд. группа "ГЭОТАР-Медиа", 2011. - 544 эл.
4. Щепин, О. П. Общественное здоровье и здравоохранение [Электронный ресурс] : учебник / О. П. Щепин, В. А. Медик. - Электрон.текстовые дан. ( 43,6 Мб). - М. : Изд. группа "ГЭОТАР-Медиа", 2011. - 592 с. эл. опт.диск (CD-ROM).
5. Медик, В. А. Общественное здоровье и здравоохранение [Электронный ресурс] : учебник для мед. училищ и колледжей / В. А. Медик., В. К. Юрьев. - 3-е изд., перераб. и доп. - Электрон.текстовые дан. (37,2 МБ). - М. : Издательская группа "ГЭОТАР- Медиа", 2011. - 288 с. эл. опт. Диск

## Журналы (электронные журналы)

-

## Әдебиет

1. Общественное здравоохранение : учебник / А. А. Аканов [и др.]. - ; Одобрено и рек.комитетом по контролю в сфере образования и науки. Мин-ва образования и науки РК. - М. : "Литтерра", 2017. - 496 с
2. Бөлешов, М. Ә. Қоғамдық денсаулық және денсаулықты сақтау: оқулық / М. Ә. Бөлешов. - Алматы : Әверо, 2015. - 244 бет с.
3. Кэмпбелл, А. Медициналық этика : оқу құралы: ағылшын тілінен ауд. / А. Кэмпбелл, Г. Джиллет, Г. Джонс ; ред. Ю. М. Лопухин. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 368 бет.с.
- Қосымша:**
1. Рыманов, Д. М. Денсаулық сақтауды басқару этикасы : оқу-әдістемелік кешен = Этика



управления в здравоохранении :  
учебно-методический комплекс / -  
Алматы : Эверо, 2015. - 164 бет.  
2. Медик, В. А. Общественное  
здоровье и здравоохранение : рук.к  
практическим занятиям. - М. :  
ГЭОТАР - Медиа, 2012. - 400 с.

**12. Пән саясаты**

1. Оқу үдерісіне белсенді қатысу.
2. Белсенділік болмаған жағдайда және тапсырмаларды орындамаған жағдайда айып шаралары қолданылады және тәжірибелік сабақтың балы төмендейді.
3. Алдағы дәрістің тақырыбы туралы алдын-ала түсінік алу, дәрісте кері байланысқа дайын болу.
4. Командада жұмыс істей білу.
5. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына және оқу-әдістемелік үрдісті жетілдіру бойынша кафедраның іс-шараларына белсенді қатысу.
6. Аудиторияда техника қауіпсіздігін сақтау.
7. Аралық бақылауды белгіленген уақытта тапсыру.
8. Студенттердің білімін аралық бақылау бір академиялық кезең ішінде кемінде екі рет теориялық оқытудың 7/15 апталарында өткізіліп, қорытындысы оқу үлгерім журналына және электронды журналға дәрістерді жібергені үшін айыпбалын есепке ала отырып қойылады (жіберген дәріс сабағы үшін айып балы аралық бақылау бағасынан алынады). 1 дәрісті жібергені үшін айыпбалы 1,0. Аралық бақылауға себепсіз келмеген студент пән бойынша емтихан тапсыруға жіберілмейді. Аралық бақылау қорытындысы деканатқа бақылау аптасының соңына дейін баяннат түрінде беріледі.
9. СӨЖ-ді кестеде көрсетілген мерзімде міндетті түрде тапсыру, жазбаша жұмыстардың барлық түрлері плагиатқа тексеріледі.
10. СӨЖ - де көрсетілген тапсырмалардың бірнеше түрінен студенттер бір түрін тандайды.
11. СӨЖ бағасы ОСӨЖ сабақтарының кестесіне сәйкес оқу үлгерімі журналына және электрондық журналға СӨЖ сабақтарына келмегені үшін айып балдарын есепке ала отырып қойылады (ОСӨЖ сабақтарына келмегені үшін айып балдары СӨЖ бағасынан алынады). 1 ОСӨЖ сабағына келмегені үшін айыпбалы 2,0 баллды құрайды.
12. Емтиханға жіберу рейтингі тәжірибелік сабақтың, СӨЖ, аралық бақылаудың орташа балдарынан құралады. Емтиханға жіберу рейтингісін есептеу мысалы: ЖРБ (жіберу рейтингін бағалау) = 80 + 90 + 95 = 88,3; мұндағы 80-тәжірибелік сабақтардың орташа бағасы; 90-аралық бақылаудың орташа бағасы; 95-СӨЖ орташа бағасы.
13. Студент бақылаудың бір түрінен (ағымдық бақылау, №1 және/немесе №2 аралық бақылау) өтпелі балды жинамаса (50%), пән бойынша емтиханға жіберілмейді.

**13. Академияның моральдық-этикалық құндылықтарына негізделген академиялық саясат**

Академиялық саясат. 4-т. студенттің ар-намыс кодексі [https://base.ukgfa.kz/?page\\_id=251](https://base.ukgfa.kz/?page_id=251)

Пән бойынша баға қою саясаты



Кафедра «Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық»

044/58-16

Пәннің жұмыс бағдарламасы (Силлабус)

14.	Бекіту және қайта қарау		
Кафедрада бекітілген күні	Хаттама № 9	Кафедра меңгерушісі Т.А.Ж.	Қолы 
04.05.2021		Сарсенбаева Г.Ж.	
ББК мақұлданған күні	Хаттама № —	ББК төрағасының Т.А.Ж.	Қолы 
12.05.2021	9	Сарсенбаева Г.Ж.	
Қайта қарау күні	Хаттама № —	Кафедра меңгерушісі Т.А.Ж.	Қолы
		Сарсенбаева Г.Ж.	
ББК қайта қарау күні	Хаттама № —	ББК төрағасының Т.А.Ж.	Қолы
		Сарсенбаева Г.Ж.	

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН

**MEDISINA  
AKADEMIASY**

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

**MEDICAL  
ACADEMY**

АО «Южно-Казахстанская медицинская а

Кафедра «Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық»

044/58-16

Пәннің жұмыс бағдарламасы (Силлабус)

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН

**MEDISINA  
AKADEMIASY**

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

**MEDICAL  
ACADEMY**

АО «Южно-Казакстанская медицинская а

Кафедра «Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық»

044/58-16

Пәннің жұмыс бағдарламасы (Силлабус)

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН

**MEDISINA  
AKADEMIASY**

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

**MEDICAL  
ACADEMY**

АО «Южно-Казахстанская медицинская а

Кафедра «Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық»

044/58-16

Пәннің жұмыс бағдарламасы (Силлабус)